

БЕКІТЕМІН
Мәдениет және спорт министрлігі
«П. Чайковский атындағы Алматы
музыкалық колледжі» РМҚК
директоры
_____ **Хасанғалиев Б.Е.**
«20» маусым 2021 ж.

Мәдениет және спорт министрлігі
«П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі»
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
2021-2022 оқу жылына

ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Бұл ережелер «П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі» оқуға қабылдау ретін анықтайды (ары қарай – Колледж).

2. Колледжге қабылдау ережесі (одан әрі –Ереже):

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім беру туралы» Заңына;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 19-шы қаңтардағы № 130 Қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын дайындайтын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы үлгілік ережелерге;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы» бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы» 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығымен келесі мазмұндағы «Республикалық әлеуметтік, табиғи және өндірістік сипаттағы төтенше жағдайларға байланысты, соның ішінде халық ауруларының алдын алу және емдеумен байланысты адамдарды жаппай жинауға байланысты шектеу шаралары енгізілген жағдайда техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі; санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-алдын алу шаралары»

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 28 наурызда бекіткен № 296 «Кәсіби және техникалық, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын дайындайтын білім беру мекемелеріне оқуға түсуге қажетті квотаны бекіту туралы» қаулысына сәйкес дайындалды.

3. «П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжіне» 2021 жылы мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес негізгі орта білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

4. «Қабылдау квотасының мөлшері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы №264 қаулысымен (Бұдан әрі - №264 қаулы) бекітілген

- I және II топ мүгедектерінің қатарындағы азаматтарға, жастайынан мүгедек, мүгедек балаларға - 1%;

ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктерге теңестірілген адамдар – 0,5%

- Қазақстан Республикасы азаматы емес қазақ ұлтының өкілдеріне – 4 %;

- жетім балалар мен әке-шешесінің қамқорлығынсыз қалған балаларға - 1%;

- Төрт немесе оданда көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасылардың балалары – 5%;

- Кем дегенде үш жыл бойы осындай мәртебеге ие толық емес отбасылардың балалары – 1%;

- Бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың балалары, бірінші және екінші топтағы мүгедектер – 1%;

2. Қабылдауды ұйымдастыру

5. Колледжде директордың бұйрығымен азаматтардың өтініштерін қабылдайтын, емтихандар өткізетін, білім алушылар қатарына алатын қабылдау комиссиясы құрылады, ол жұмысын 10-шы маусымынан кешікпей басталады.

Қабылдау комиссия мүшелері арасынан жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы оқу орнының басшысы болып табылады.

6. Арнайы және шығармашылық дайындықты қажет ететін педагогикалық мамандықтар бойынша және шығармашылық емтихандар өткізу үшін емтихан комиссиясы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан кешіктірілмей құрылады.

7. Әлеуметтік, табиғи және өндірістік сипаттағы төтенше жағдайларға байланысты, соның ішінде халық ауруларының алдын алу және емдеумен байланысты адамдарды жаппай жинауға байланысты қабылдау комиссиясының жұмысы білім беруді ұйымдастыруда, ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

8. Орта буын мамандарын дайындауды қарастыратын техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін азаматтардың өтініштерін қабылдау:

- оқу бөліміне 25-шы маусымнан 20-шы шілдеге дейін;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы негізінде құжаттарды қабылдау 2021-2022 оқу жылына қабылдау үшін білім беру ұйымында онлайн немесе офлайн режимінде жүзеге асырылады.

Онлайн режимінде құжаттарды тапсыру үшін сіз <http://music-college.sova.ws/login/registration> сайтында «Өтініш берушіні тіркеу» бөлімінде тіркеліп, тізімге фотоқұжаттары бар қосымша файлдарды тіркеп қоюыңыз керек.

9. Талапкерлердің өтініштері мынандай мамандықтар бойынша қабылданады:

1) 02150100 «Аспапта орындаушылық»:

- Квалификация(Біліктілік) 4S02150101 «Концертмейстер, БММ оқытушысы»

- Квалификация 4S02150102 «Оркестр әртісі (дирижер), БММ оқытушысы»

- Квалификация 4S02150103 «Халық аспаптары оркестрінің әртісі (дирижер) БММ оқытушысы»
- Квалификация 4S02150104 «Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), БММ оқытушысы»

2) 02150400 «Хорды дирижерлау»
4S02150401 «Хормейстер, оқытушы»

3) 002150200 «Музыка теориясы»
4S02150201 «Музыкатанушы, БММ оқытушысы»

4) 02150300 «Вокалдық өнер»
4S02150301 «Академиялық ән салу әртісі, БММ оқытушысы»
4S02150302 «Дәстүрлі ән салу әртісі, БММ оқытушысы»
4S02150303 «Эстрадалық ән салу әртісі, БММ оқытушысы»

5) 02110200 «Дыбыс операторлық шеберлігі»
4S02110201 «Дыбыс операторы»

10. «Фортепиано», «Ішекті аспаптар», және «Музыка теориясы» мамандықтарына балалар музыка мектебін аяқтағаны туралы куәлігі бар талапкерлер ғана қабылданады.

11. Оқуға қабылдау туралы өтінішке қоса талапкерлердің:

- білімі туралы құжаттың түпнұсқасы,
- 075-У түрдегі медициналық анықтама флюросуреті бар (І және ІІ топтағы мүгедектер мен жастайынан мүгедек балаларға – медициналық- әлеуметтік сараптаманың нәтижесі), психоневрологиялық диспансерден анықтама;
- 3х4 үлгідегі 6 фотосурет,
- талапкердің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттар: жеке куәлік, төлқұжат немесе туу туралы куәлік, талапкердің өзі, ата-анасы немесе оның заңды өкілдері құжаттар тапсырғанда көрсетеді,

12. «Ән салу», «Хорға дирижерлік ету» мамандықтарына түсушілер фониатр-дәрігер берген қосымша анықтаманы ұсынуы керек.

13. Қабылдау Ережесіне сәйкес жеңілдіктерге ие болу құқығы бар азаматтар қажетті құжаттарды ұсынуы тиіс.

14. Шетелдерден келген оқуға түсушілер қабылдау туралы өтінішке қоса төмендегідей ақпараттар: оқылған оқу пәндерінің сағат көлемі, қорытынды бағалар бар білімі туралы құжат (түпнұсқа), нотариалды түрде куәландырылған білімі туралы құжат және оның қосымшасының мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы; нотариалды түрде куәландырылған білім туралы құжаттың иесінің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылған көшірмесі; білімі туралы құжатты берген оқу орнының (Нұр-Сұлтаннан) аккредитациялау туралы куәлігінің немесе лицензиясының көшірмесі.

15. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар тұрғылықты орны тіркелген, олардың мәртебесін анықтайтын құжаттың түпнұсқасын көрсетуі тиіс:

- шетелдік- шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруы туралы рұқсат қағазы;
- азаматтығы жоқ тұлғалар – азаматтығы жоқ жеке куәлігі;
- босқын - босқын куәлігі;
- баспана іздеуші тұлғалар - баспана іздеуші тұлғалардың куәлігі;
- оралман - оралман куәлігі,

Жоғарыда көрсетілген құжаттар толық жиналмаған жағдайда, талапкерді оқу орнына қабылдану жүргізілмейді.

16. Талапкерлердің өтініштері оқу түрі бойынша және келісім (ақылы) негізінде, тіркеу журналдарына бөлек тіркеліп, саналады.

Карантин аяқталғаннан кейін құжаттарды онлайн режимінде ұсынған үміткерлер келесі құжаттарды түпнұсқасында жеке өзі ұсынуы керек:

1. Білімі туралы куәлік;
2. Музыкалық мектепті бітіргендігі туралы куәлік;
3. туу туралы куәлік немесе жеке куәлік;
4. ЖСН,
5. Флюорографияның суреті бар 063 нысандағы медициналық анықтамасы
6. 3x4 см өлшеміндегі 6 фотосурет.

3. Қабылдау емтихандарын ұйымдастыру және өткізу

17. Оқуға түсу емтихандары шілденің 21-нен 28-і аралығында өткізіледі.

18. Балалар музыка мектебін бітіргені туралы куәлігі бар, музыкалық мамандықтарға түсушілер екі шығармашылық емтихандарды тапсырады: мамандық бойынша және сольфеджио. «Музыка теориясы» мамандығына түсушілер екі шығармашылық емтихан тапсырады: а) сольфеджио; ә) фортепиано, музыка әдебиеті (коллоквиум).

19. Балалар музыка мектебін бітіргені туралы куәлігі жоқ, музыкалық мамандықтарға түсушілер екі шығармашылық емтихандарды тапсырады: бірінші – таңдаған мамандығына байланысты музыкалық, психологиялық және физиологиялық қабілетін тексеру; екінші – музыкалық қабілетін тексеру.

20. Шығармашылық және арнайы емтихандар күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, білім беру ұйымдарының базасында өткізіледі.

21. Қабылдау емтихандары талапкердің өтініші бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде өтеді.

22. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін білім алушылар құрамына қабылдау конкурсы үш пән бойынша: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық бойынша екі пәннен бағалардың жиынтық балының нәтижелері бойынша өткізіледі.

23. Пәндер бойынша өткен емтиханда «2», «3», «4», «5» бағалары бойынша бағаланады.

24. Пәндер бойынша тапсыратын емтихандардың сұрақтарын бағалауда жалпыға ортақ талаптардың қадағалануын қамтамасыз ету үшін, талапкерлердің құқығын қорғау мақсатында оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады. Оның құрамына төраға, хатшы, апелляциялық комиссия мүшелері кіреді.

25. Қабылдау емтиханы нәтижесіне қанағаттанбаған азамат апелляцияға беруге құқы бар. Емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 дейін қабылдау комиссиясына өтініш беріліп, ол апелляциялық комиссия мен өтініш берушінің қатысуымен қайта бір күннің ішінде қаралады.

26. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамындағы дауыс санына қарай қабылданады. Дауыстарды санаған соң барып комиссия төрағасы қорытынды шешім шығарады.

Комиссия жұмысына хаттама жүргізіліп, оған төраға мен барлық комиссия мүшелері қолын қояды.

27. Қабылдау емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

28. Арнайы немесе шығармашылық емтихандар бойынша қабылдау емтиханынанда «қанағаттандырылмаған» деген баға немесе аталған емтихандарға себепсіз келмеген жағдайда келесі емтихандарға жіберілмейді.

4. Білім алушылардың құрамына алу

29. Қабылдау комиссиясы білім алушылар қатарына алудың нәтижесі туралы ақпаратты арнайы ақпарат тақтайшалары және колледждің <http://music-college.kz> сайтында жариялайды.

30. Білім алушылардың қатарына алу азаматтардың өтініштері бойынша конкурстық негізде өтеді. Қабылдау кезінде конкурс төмендегідей өткізіледі:

1) шығармашылық емтихандарда алған бағалары бойынша

Білім алушылардың қатарына алу конкурсын өткізу кезінде жинаған баллдың жалпы сомасының орта арифметикалық санына тең балл есепке алынады.

31. Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар қатарына алу конкурсын өткізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар, шығармашылық емтихандардан жоғары балл алған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көп балалы отбасылардың балалары, медициналық- әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес музыкалық колледжде оқуға болатын жағдайда 1-ші және 2-ші топ мүгедектері, жастайынан мүгедек балалар, мүгедек балалар (растайтын құжаттары болғанда) азаматтардың басым құқығы бар.

32. Сонымен қатар жалпы балл деңгейінде, бірінші кезектегі қабылдау емтихандарының нәтижесі бойынша білім алу туралы құжаттың орташа бағасы болып саналады.

33. Білім алушылар қатарына алу қабылдау комиссиясының әр мамандық бойынша өтетін ашық отырысында жүргізіліп, хаттамада көрсетіледі.

оқу бөліміне тамыздың 25-і мен 30-ы аралығында;

34. Оқуға алу туралы қабылдау комиссиясының шешімі Колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.

35. Колледжге қабылдау жеке-жеке мамандықтар мен мамандырулар бойынша қабылдау комиссиясының ашық отырысында жүргізіледі.